

# ЖАҢА БОСАНҒАН АНАҒА КЕҢЕСТЕР

перзентханадан шыққан  
соң не істеу керек





ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
МИНИСТРЛІГІ



Брошюра БҰҰ Қазақстандағы халық қоныстану қорының (ЮНПФА) техникалық және қаржылай қолдауымен, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырысымен даярланды.

*Ұзақ уақыт бүйіріңізді бүлк-бүлк еткізіп, жүрегіңізді лүп-лүп еткізіп келген бақытты қолға алдыңыз! Қуанышыңыз құтты болсын! Балаңыздың бауы берік болсын! Иә, бұл кішкентай ғана бөбек бар назарыңызды өзіне бұрып алары сөзсіз, бірақ өзіңізге де қарап, күтінуді ұмытып кетпеңіз!*

*Айналаңыздан көмек сұрауға қысылмаңыз. Бұндай сәтте үлгермей жату, әлдененің қиюы келмей қалу деген әр жас ананың басында болатын жайт. Біз босанғаннан кейінгі алғашқы апталардағы қиындықты еңсеруге көмектесеміз!*

## МЫНА ҚАУІПТІ БЕЛГІЛЕРГЕ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

(Бұл симптомдар босанғаннан кейін 6 апта бойы дамуы мүмкін)

<b>Ана үшін қауіпті белгілер</b> <i>Осы симптомдарды байқасаңыз, бірден медициналық көмекке жүгініңіз!</i>	
1	Сүт бездерінің немесе сүт бездерінің ұштарының ісінуі, қызаруы немесе ауырсынуы.
2	Қынаптағы бөліністер мөлшері ұлғайды немесе босанғаннан кейін 6 апта өткеннен соң мөлшері азаймады.
3	Қынаптағы бөліністер жағымсыз иіс шығара бастады.
4	Дене қызуыңыз 380 және одан жоғары, қалтырап және жүрек қағысы (минутына 100 рет және одан да көп болса) жиілеп, бас айналуы.
5	Кесар тілігі отасынан кейін ауырсыну, қызару, ісіну, тігістердің ажырауы немесе жарадан ірің бөлінсе.
6	Зәр шығару немесе зәрді ұстай алмау мәселелері.
7	Іштің төменгі бөлігінің немесе бел жақта ауырсынуудың күшеюі.
<b>Нәресте үшін қауіпті белгілер</b> <i>Егер балада төменде көрсетілген белгілердің біреуі немесе бірнешеуі білінсе, онда, бірден жедел жәрдем шақырыңыз немесе өзіңіз баланы медицина қызметкеріне көрсетіңіз.</i>	
1	Бала дұрыс тамақ ішпейді немесе емуден бас тартады.
2	Тырыспа ұстамалары.
3	Жиі тыныс алу (бала бір минуттың ішінд 60-тан артық тыныс алса).
4	Кеуде қуысының ішіне қарай тартылуы.
5	Бала өздігінен қимылдамай қойды.
6	Қызу (дене температурасы 37,5 °C жоғары немесе тең).
7	Дене температурасының төмендеуі (дене температурасы 35,5 °C төмен).
8	Туғаннан кейінгі алғашқы 24 сағат ішінде сарғаю немесе кез келген жаста табаны мен алақандарының сарғыш тартуы.

9	Кіндік айналасының қызаруы немесе кіндіктен сұйықтықтар бөлінуі.
10	Терісінде іріңді ошақтардың, көпіршіктердің пайда болуы немесе ісінулердің, қатаюлардың, қызарулардың пайда болуы.
11	Кіндікті кескен аймақтан немесе кіндік қысқыш салған аймақтан қан ағу.
12	Баланың бозаруы.

## БОСАНҒАННАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢНІҢ ГИГИЕНАСЫ

### Ана күтімі

#### **Инфекцияның алдын алу үшін төмендегі ұсыныстарды ұстаныңыз:**

1. Тұрақты түрде душ немесе жылы ванна қабылдаңыз.
2. Егер кесар тілігі отасынан немесе жыртылудан немесе эпизиотомиядан кейін тігістер салынса, тек душ қабылдаңыз. Жара толығымен жазылғанға дейін ваннаға түспегеніңіз жөн.
3. Ароматизатор қосылған сабын қолданбауға тырысыңыз.
4. Әр емізген сайын кеудені сабындап жуа берудің қажеті жоқ. Сумен шайсаңыз жеткілікті.
5. Дәретханаға барған сайын тек қана жылы сумен жуыныңыз, сабын, түрлі гельдерді қолданбаңыз.
6. Тігіс салынған жерлерді жұмсақ жеңіл матамен немесе орамалмен құрғатып отырған жөн.

### Бала күтімі

#### **1. Нәрестені үнемі тазалықта ұстау керек.**

- Баланы күнде таңертең шомылдырыңыз. Суға шыланған мақта тампонын қолдансаңыз болады.
- Екі көзін екі бөлек мақтамен сүрту керек. Тампондарды ыстық суға малып, бөлме температурасына дейін суытып алыңыз. Көздің ішкі бұрышынан сыртқы бұрышына қарай сүртесіз.
- Мұрынды таза мақтадан жасалған талшықтармен тазалау керек. Тазалар алдында жылы сумен сулап немесе жылы сұйық маймен майлап алу керек. Бала түшкіруі мүмкін.

- Нәресте кіші және үлкен дәретке барған сайын астын жуыңыз және мұқият кептіріңіз. Жуу кезінде краннан ағып тұрған суды қолдану керек; қыз балаларды жуындырған кезде алдынан артқа қарай жуу керек. Ешқашан да үлкен және кіші жыныс еріндерінің арасындағы ақ жұғындыны алып тастамаңыз. Ол жыныс мүшелерінің шырышты қабатын микробтардан қорғайды.
- Кіндікті ешнәрсемен өңдемейсіз, кіндікті бос күйінде таза және құрғақ ұстаңыз, үстін жөргекпен жаппаңыз (жөргекті шамалы ішке қарай ығыстырып қойыңыз). Бұл кіндікті зәр немесе үлкен дәрет зақымдамас үшін маңызды.
- Кіндік кірлесе сабынмен және таза сумен жуыңыз, кейін таза матамен мұқият құрғатыңыз.
- Кіндік түсіп қалғаннан кейін жараны құрғақ және таза ұстау қрек, ол жерді өңдеу үшін ешқандай зат қолданбаңыз.
- Нәрестені өзіңізге ыңғайлы уақытта тамақтандырмас бұрын жылы сумен күніне бір рет шомылдырыңыз. Негізі кешке шомылдырған дұрыс. Шомылдыру кезінде бөлме температурасы 24–25 °C болғаны жөн. Шомылдыратын судың температурасы 37–37,5 градус болған жөн. Шомылдыру ұзақтығы 5–7 минут. Балаға арналған ваннадағы судың деңгейі нәрестенің мойнына дейін болу керек, яғни су баланың құлағы мен аузына кірмес үшін. Ваннаның түбіне бала сырғанап кетпес үшін жаялық төсеп қойыңыз. Баланы суға күнделікті түсіру керек, алайда сабынды аптасына 1–2 рет қана қолданған жөн. Тек балаларға арналған сабынды қолданыңыз. Бірінші баланың басын жуады, сосын денесін және ең соңында қасағасын жуады. Баланы ваннада шайындырыңыз және шомылдырып болған соң, температурасы 37 °C болатын суды ожаумен үстінен құйыңыз. Шомылдырып болған соң баланы мұқият құрғатып сүртіңіз және үстіне жылы киім кигізіңіз.
- Күтім жасардың алдында және кейін қолыңызды жуыңыз.

## 2. Баланың денесінің салқындауының және қызып кетуінің алдын алыңыз.

- Бала жатқан бөлмеде ауаның температурасын 22–24 °C деңгейде ұстап тұрыңыз, бөлмеде өтпе жел болмауы керек.
- Баланың кереуетін терезенің немесе суық қабырғаның қасына қоймаңыз.
- Баланы жөргекпен қатты байлап тастамаңыз, бос киіндіріңіз (жұқа киімше, күртеше, жөргек және шалбарша) аяқтарына міндетті түрде шұлық, ал басына бас киім кигізіңіз.
- Бала жатқан бөлмені әрбір 3 сағат сайын 10–15 минутқа ауасын

тазарту үшін желдетіп отыру керек. Бұл кезде баланы басқа бөлмеге ауыстыру қажет.

- Баланы далаға шығару перзентханадан шыққаннан кейінгі жыл мезгіліне байланысты. Егер күн қатты суық болмаса, перзентханадан шыққан соң екі-үш күннен соң алып шықса болады. Бала сыртқа шыққанда таза ауамен тыныстау үшін беті ашық болу керек. Сыртқа шығару баланы шынықтырады. Далаға шығарудың уақытын күніне 10–15 минуттан бастап, қыста 30–60 минутқа дейін және жазда 1–2 сағатқа дейін ақырындап ұзарту керек.

## 3. Баланың кенет өлімі синдромының алдын алу үшін:

- Баланы арқасымен жеке төсекке жатқызып ұйықтатыңыз.
- Бала тұратын пәтерде темекі шегуге жол бермеңіз.
- Ұйықтап жатқан бала байқаусызда беті жабылып қалмас үшін, төсекте артық зат қалдырмаңыз (жұмсақ ойыншықтар, орамал, киім және т.б.).
- Баланың дене қызуының жоғарлауына (баланың дене температурасы 37,5 °C жоғары) немесе төмендеуіне (баланың дене температурасы 36,6 °C төмен) жол бермеңіз.

## БАЛАНЫ ЕМІЗУ



**БАЛАҢЫЗДЫ ЕМІЗІҢІЗ. АНА СҮТІ – БАЛА ҮШІН ӨТЕ ҚҰНАРЛЫ ТАҒАМ.**

Ең дұрысы туғаннан бастап алты айға дейін баланы тек ана сүтімен қоректендіру керек. Осы жаста балаға ана сүтінен өзге басқа тамақ пен сұйықтық қажет емес. Балаға қайнаған су бермеңіз.

**Ана сүті** — бала үшін құнарлы тағам да, қажетті дәрумен де, түрлі ауруға қарсы дәрі де. Ана сүтінің құрамында үнемі су болады және сәбидің шөлін басады. Сондықтан бала алты айға толғанша тек емгені жөн.

Сонымен қатар, ана сүтінің құрамында аналық антиденелер бар, олар өз кезегінде баланы инфекциядан қорғайды.

Ана сүтінің құрамында баланың иммунды жүйесінің түзілуіне ықпал ететін ерекше компоненттер бар, сонымен қатар, ұлпалардың регенерациясына қажетті бағаналы жасушалар бар әрі бала ағзасының дұрыс дамуына ықпал етеді. Ана сүтімен өскен бала аллергиялық ауруларға аз шалдығады, оларда ұзақ және сау өмір сүру ықтималдығы жоғары.

Құнарсыз ана сүті деген түсінік жоқ. Ананың тамақтануының сапасы ана сүтінің негізгі құрамына әсер етеді. Ана сүті әрқашан баланың сұранысына сәйкес өзгеріп тұрады. Соған орай бала емізетін ананың тамағы да дұрыс болуы керек, олай болмаған жағдайда әйелдің өзінің организмі зардап шегеді.

Бала дүниеге келе салғаннан бастап емізсе, ол ана денсаулығына да жақсы әсер етеді, яғни ол бала жолдасының туылуына және жатырдың жиырылуына ықпал етеді. Алғашқы 6 ай бойы тек қана төспен қоректендіру контрацептивті қорғаныспен қамтамасыз етеді. Баласын емізген аналарда сүт безі қатерлі ісігіне шалдығу қаупі аз болады.

Әр ана (қанша бала босанса да) өзінің баласына қажетті сүтті бере алатынын білуі және оған сенімді болуы керек. Баланың қажеттілігі артқан сайын, емізудің жиілігі мен ұзақтығы артады. Жиі емізген сайын сүттің мөлшері көбейеді. Ол кейде бірнеше күнде көбейсе кейде бірнеше сағаттан кейін артады.

Сонымен, емізудің жиілігі мен толықтығы — сүттің көбеюін реттеуде маңызды шарт. Бала қанша сүт ішсе, соншалықты сүт қайтадан өндіріледі. Тек сұранысқа байланысты өндіріледі. Түнде балаңызды емізген кезде, келесі күн үшін сүтке тапсырыс бересіз. Сондықтан бала анасын қалаған уақытында және қалаған мөлшерде еме алуы керек, уақыт мезгіліне тәуелсіз, яғни түнде де және күндізде де (тәулігіне 8-10 реттен кем емес). Баланы шамадан тыс тамақтандырамын деп қорықпаңыз, бала өзіне қажетті сүттің мөлшерін біледі.

Еметін балада артық салмақ деген болмайды. Ана сүтінің жеткілікті болуы баланың ай сайынғы қосатын дене салмағына байланысты анықталады. Емізген кезде ай сайын қосатын дене салмағы 500 граммнан кем емес немесе аптасына 125 грамм болуы керек, бұл ана сүтінің жеткілікті екенін көрсетеді және басқа қосымша тамақ қажет емес.


Емізу анаға қиындық тудырмау керек. Егер емізгенде анасы ауырсынса, онда баланы дұрыс емізбей жатқанын көрсетеді. Тез

арада медициналық қызметкердің көмегіне жүгініңіз, олар сізге көмек көрсетеді. Баланы дұрыс емізбесе, кеуде ұшының жарылуына әкелуі мүмкін, ол өз кезегінде инфекцияның кіретін қақпасына айналуы мүмкін. Сонымен қатар, ауырсыну болғаннан кейін анасы өзін аяйтын болады және баланы толық емізбейді. Бұл жағдайдың барлығы сүттің тұрып қалуына, сүт бездерінде қабыну үрдістерінің дамуына және сүттің өндірілуінің төмендеуіне әкеледі.



#### Баланы төске дұрыс салу қалпы:

1. баланың басы мен денесі бір тік сызық бойында орналасуы керек
2. баланың беті анасының төсіне қаратылған, мұрны сүт безінің ұшына қаратылған
3. бала мен анасының денесіне бір-біріне жақын болуы керек
4. анасы баласының басы мен иығынан ғана емес, денесін толығымен астыңғы жағынан ұстап тұрады



#### Баланы төске дұрыс салу:

1. баланың иегі анасының төсіне жақындатылады
2. баланың аузы кеңінен ашылған
3. төменгі ерні сыртқа ширатылған, тілі төмен түсірілген
4. сүт безінің ұшы ғана емес, кеуденің қарайған бөлігі түгелге жуық баланың аузында болуы керек
5. бала терең сорады (дұрыс еміп жатыр деген сөз).



Кеудеге салу кезіндегі жаңа туған сәбидің жағдайы өте маңызды, себебі дұрыс қалыпта жатпаса, төске дұрыс ала алмайсыз. Керісінше, егер бала төске дұрыс салынған болса, онда ему, емізуде еш мәселе туындамайды. Сондықтан, жаңа туған баланың анасы бірінші кезекте баланы төске дұрыс салудың қалпы мен ережелері туралы білуі тиіс

### Төске салу кезіндегі ұсынылатын қалыптар:



«Бесік»



«Қол астынан»



«Жатып»

### Лактостаз және мастит

Сүт безінің қабынуы сүттің кеудеде тұрып қалуынан болады (лактостаз), баланы төске дұрыс салмағанның әсерінен сүт бездерінің ұштарында сызаттардың пайда болады және гигиена шараларын сақтамаған кезде де бұндай жайттар орын алады. Бұл жағдайлар микроорганизмдердің көбеюіне әкеледі және инфекциялық үрдіс (мастит) дамиды. Сүттің тұрып қалуы қолайсыздықпен, сүт безінің қатаюымен және қатты ауырсыну сезімдерімен сипатталады. Ондай жағдайда баланы көп емізу керек. Ауырсыну және сүт безінің толу сезімі пайда болған кезде 10–15 минут бойы сүт безіндегі түйіршектерді езбей, сауу керек.

Мастит белгілері сүт безінің қатаюы, ауырсынуы және қызаруы, дене қызуының көтерілуі, бастың ауруы, әлсіздік. Маститтен сүт бездерінің тұрып қалуын ажырату үшін, сонымен қатар, маститтің ауырлық дәрежесін анықтау үшін міндетті түрде дәрігердің кеңесі қажет.

### БОСАНҒАННАН КЕЙІНГІ ДЕПРЕССИЯ

Бала туғаннан кейін әйелдер көбінесе жеңіл депрессияға немесе босанғаннан кейінгі уайымға салынады, ол өз кезегінде еш себепсіз жылауық, ашушаңдық, көңіл-күйінің құбылмалығы, жоғары сезімталдықпен және шаршаумен сипатталады.

Әдетте, босанғаннан кейінгі уайымшылдық көбінесе босанғаннан кейін 4–5 күнде өзінің шыңына жетеді, сонымен қатар, бірнеше сағаттан бірнеше күнге дейін созылуы мүмкін және босанғаннан кейін 10-шы күні жойылады. Мұндай жағдай қандай да бір бұзылу немесе патология емес, емделусіз және сыртқы фактордың араласуынсыз өз бетімен жойылады және жас ананың балаға күтім жасау қабілетіне әсер етпейді.



ӘРБІР ЖЕТІНШІ ӘЙЕЛ  
БОСАНҒАННАН КЕЙІНГІ  
КЕЗЕҢДЕ КҮЙЗЕЛІСКЕ  
ҰШЫРАЙДЫ.

Босанғаннан кейінгі депрессия негізінен босанғаннан кейін бірнеше айдан соң пайда болады. Кейде ол босанғаннан кейінгі уайымның жалғасы болуы мүмкін. Босанғаннан кейінгі депрессияға уайым кезіндегі сияқты белгілер тән, бірақ оларға үнемі көңілсіздік, күйзеліс, оған дейін рахат әкелген әрекеттерден ләззат ал алмау және көңілінен шықпауы қосылады. Үнемі шаршау сезімі, шамадан тыс ұйқышылдық, тәбеттің төмендеуі, ана ретінде өзіне көңілінің толмауы мен дәрменсіздігі туралы ой, зейінін шоғырландыра алмау, түрлі ауыр ойларға жетелейді, кейде суицид туралы ой мазалайды. Бұндай жағдайда анасы өз баласының мінез-құлқын теріс қабылдауы мүмкін және балаға бейжай немесе қатыгез қарауы мүмкін. Ана мен неонатальды өлім өте сирек кездеседі, бірақ босанғаннан кейінгі депрессияның олар нақты салдары болып табылады.

БОСАНҒАН ӘРБІР ӘЙЕЛГЕ  
ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ.





	<b>Босанғаннан кейінгі депрессия белгілері:</b>	✓
1	Өмірге деген қызығушылықтың жоғалуы	
2	Тәбеттің жоғалуы	
3	Бір нәрсе істеуге құлшыныс пен ниеттің жоғалуы	
4	Ұйқысыздық	
5	Ұйқышылдық	
6	Жылағыштық	
7	Пайдасыздық, үмітсіздік және шамадан тыс күнә сезімі	
8	Мазасыздық сезімі, ашуланшақтық немесе үрей	
9	Түсініксіз дене салмағын жоғалту немесе қосу	
10	Өмір сүруге ынтаның болмауы	
11	Өзіне зиян тигізу туралы ойлар	
12	Баласына зиян тигізу туралы қауіп	

Өзіңізде осы белгілердің кем дегенде біреуін анықтаған жағдайда міндетті түрде медицина қызметкеріне хабарласыңыз!



## БОСАНҒАННАН КЕЙІНГІ КОНТРАЦЕПЦИЯ

Босанғаннан кейін алғашқы етеккір келгенге дейін жаңадан жүкті болу күтпеген жағдай болуы мүмкін. Сондықтан контрацепция туралы мәселені босанғаннан кейін бірден шешу керек. Сіз және сіздің серіктес үшін ең ыңғайлы болатын тиімді контрацепция әдісін таңдау туралы медицина қызметкерімен сөйлесіңіз.

Қазіргі көзқарасқа сәйкес, келесі бала, алдыңғы сәбиді төспен қоректендіруді аяқтағаннан кейін 2 жылдан соң туылуы тиіс деп саналады. Осы уақыт аралығында әйелдің денесі толық қалпына келеді. Сондықтан жыныстық өмір басталғаннан кейін жүктіліктен (контрацепция) сақтанудың тиімді тәсілі туралы мәселе туындайды.


**Лактациялық аменорея әдісі (ЛАӘ)** жоспарланбаған жүктіліктен қорғайды. Бірақ үнемі тиімді емес. Бұл әдіс келесі шарттарды бірдей ұстанған кезде ғана жұмыс істейді:

1. бала 6 айдан аспаған;
2. баланы күндіз және түнде тек төспен қоректендіресіз, қоректендіру тәулігіне 6–8 рет және түнгі үзіліс 6 сағаттан аспайды;
3. етеккір басталмады.

Егер шарттардың ең болмағанда біреуі сақталмаса немесе сіздің балаңызға жасанды тамақ беріп жүрсеңіз, онда жоспарланбаған жүктіліктен қорғану үшін міндетті түрде контрацепцияның басқа әдісін пайдалану керек.

### Босанғаннан кейін бірден қолдануға болатын әдістер:

- Лактациялық аменорея әдісі
- Барьерлік (мүшеқаптар)
- Спермицидтер
- Жатыршілік заттар (ЖІЗ)
- Хирургиялық стерилизациялау



### 1. Дәрілер

**Босанғаннан кейін 4–6 аптадан соң қолдануға болатын әдістер:**

- ЖІЗ
- Таза прогестинді контрацептивтер (Депо провера, мини-пили)

**Босанғаннан кейін 6 айдан соң қолдануға болатын әдістер:**

- Қосарланған ауызды контрацептивтер (ҚАК))

**Контрацепцияның қосымша әдістері**

Контрацепцияның келесі әдістерінің бірін пайдалануды тоқтатқаннан кейін әйел жүкті болуы мүмкін.

**1. Дәрілер (мини-пили, ҚАК):**

Күн сайын қабылдайтын гормон дәрілер.

**2. Инъекциялар (Депо-провера):**

Әрбір 3 ай сайын салынатын гормон инъекциялар (уколдар).

**3. Жатыршілік заттар (ЖІЗ):**

Жатыршілік спираль жатыр қуысына енгізіледі және жүктіліктен 5-тен 10 жылға дейін сақтайды.

- 4. Мүшеқаптар:** әрбір жыныстық қатынас кезінде қолданылады, тек қана жүктіліктен ғана емес, сонымен қатар, АИТВ/ЖИТС және тағы да басқа жыныстық жолмен таралатын инфекциялардан қорғайды.

**Тұрақты (қайтымсыз) контрацепция**

Әйел және еркек стерилизациясы тағы да балалы болғысы келмейтін жұптар үшін ұсынылады.

## БАЛАҒА АРНАЛҒАН ПРАФИЛИКАТИКАЛЫҚ ЕКПЕЛЕР

Екпе организмнің қорғану реакциясын белсендіру арқылы инфекциялық ауруларға қарсы арнайы қорғаныс қалыптастырады.


Қазақстанда вакцинациялау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен Ұлттық иммундау күнтізбесіне сәйкес жүргізіледі, онда кең таралған жұқпалы ауруларға қарсы вакцинациялау жүргізу көзделген, егілмеген балаларда ол аурулардың дамуы өліммен аяқталуы мүмкін.

Екпелердің түрлері мен оларды жүргізу мерзімдері көрсетілген ұлттық күнтізбемен танысып шығыңыз.


Әрбір екпенің алдында педиатр дәрігер баланы мұқият тексеру жүргізеді, оның дене қызуы өлшенеді, жұқпалы аурулармен ауырған науқастармен қатынасы туралы мәліметтер талданады. Екпе тек сау балаға салынады (мысалы, суық тиіп қалса, екпе салуға болмайды). Қан құрамына жасалған талдау тәрізді зертханалық тексеру және басқа арнайы мамандардың кеңес беруі көрсеткіштер бойынша жүргізіледі. Алғашқы екпелер перзентханада жүргізіледі: В гепатитіне қарсы (туғаннан кейін 12 сағаттан кейін) және туберкулезге қарсы (БЦЖ) 3–4-ші күнде жасалынады.

**БАЛАҒЫЗҒА АУРУ  
ЖҰҚТЫРҒАНҒА  
ДЕЙІН  
КӨМЕКТЕСІҢІЗ.**

**ЕКПЕ ЖАСАТЫП,  
БОЛАШАҚ ӨМІРІН  
ҚАУІПСІЗ ЕТІҢІЗ!**



### 2. Инъекция



### 3. ЖІЗ



### 4. Мүшеқаптар



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЕКПЕЛЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ КҮНТІЗБЕСІ

Қарсы профилактикалық егу жүргізілетін аурулардың тізбесін, оларды жүргізу ережесін және халықтың жоспарлы егілуге жатқызылатын топтарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2295 Қаулысы (12.02.2013 толықтырулар мен өзгертулерді қоса алғанда).

Моноекпелер: **АДС-М** — дифтерияға, сіреспеге қарсы;  
**БЦЖ** — туберкулезге қарсы;  
**Пневмо** — пневмококкты инфекцияға қарсы;  
**ВГВ** — Вирусты гепатит В қарсы;  
**ОПВ/ИПВ** — полиомиелитке қарсы/ауыздық/инактивирленген;

Қосарланған екпелер: **ККП** — қызылша, қызамық және эпидемиялық паротитке қарсы;  
**А6КДС+Хи6+ВГВ+ИПВ** — жасушасыз көкжөтелдік компонентті бар көкжөтелге, дифтерияға, сіреспеге, вирусты гепатит В, b типті гемофильді инфекцияға қарсы және инактивирленген полио екпе;  
**А6КДС+Хи6+ИПВ** — жасушасыз көкжөтелдік компонентті бар көкжөтелге, дифтерияға, сіреспеге, b типті гемофильді инфекцияға қарсы және инактивирленген полио екпе.

Жасы	Екпе түрлері								АДС-М	ККП	Пневмо	Хиб	А6КДС	Полио	ВГВ	БЦЖ	
	БЦЖ	ВГВ	Полио	А6КДС	Хиб	Пневмо	ККП	АДС-М									
Өмірінің 1–4-ші күні	+																
2 ай											+						
3 ай											+						
4 ай																	
12–15 ай																	
18 ай																	
6 жас (сынып)																	
16 жыл																	
10 жыл сайын																	

### *Ана мен әкеге арналған құттықтау*

*Адамзат жаралғалы қанша отбасы құрылды, қанша рет сәбидің іңгәлаған үнін естіді, бірақ бәрібір әр ата-ана бұл ұлы сезімді өзінше өткеріп, өзінше түсінеді. Кішкентай адам үлкендердің өміріне үлкен өзгеріс әкеледі, бақыт деген нәрсені қолмен ұстап көруге болатынын ұқтырады, шуақтың иісі сәби иісіндей болатынын көрсетеді, жауапкершіліктерін шыңдайды. Сондай тәтті бөбек сізден идеал ата-ана болуды күтпейді, жай ғана өзін сондай жақсы көруді қалайды. Иә, балаңызды сүйіңіз, сықылықтаған тәтті күлкісін де, былдырлаған тілін де, бақырып жылаған кезін де сүйіңіз! Сіздің ғажайып махаббатыңыз, қолдауыңыз, қамқорлығыңыз оған өмірлік азық болатынын түсініңіз.*



